



**ШЕШІМ**

14.12.2023

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

118/15-VIII

№

город Астана

**Астана қаласында 2023 жылға  
кондоминиум объектісін басқаруға  
және кондоминиум объектісінің  
ортақ мүлкін күтіп-ұстауға  
арналған шығыстардың ең төменгі  
мөлшерін бекіту туралы**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 10-3 бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 31-бабына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 бұйрығымен бекітілген Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласында 2023 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың ең төменгі мөлшері 1 шаршы метр үшін 57 теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов